



Көгілдір көктемнің көзайым мейрамы құтты болсын!

НАУРЫЗ

ШЫНДЫҚ КӨП, АҚИҚАТ ЖАЛҚЫ

AQIQAT ARNASY



ГАЗЕТ 2019
ЖЫЛҒЫ
8 ҚАЗАННАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

3 НАУРЫЗ
СӘРСЕНБІ
2021 жыл

№9 (60)



aqiqatarna@gmail.com

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ГАЗЕТ

ЕР МИНЕЗДІ
ЕРАҒАҢ



БЕКШЕ БИ
ТАҒЫЛЫМЫ



ӘКІМ
ЖӘНЕ
АЛПЫСБАЙ



4-бетте →

5-бетте →

8-бетте →



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ БЕСІНШІ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға зор үлес қосып келе жатқанын және кеңесте қабылданған шешімдер еліміздегі жүргізіліп жатқан реформаларға тың серпін бергенін айтты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды. «Бүгінгі таңда Ұлттық кеңестің ұсынысымен 13 заң қабылданды. Тағы 9 заң жобасы әзірленіп жатыр. Заң шығару жауапты және күрделі жұмыс екені баршаға белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Кеңес мүшелері ауқымды істер атқаруда. Ұлттық кеңес алғашқы кезеңде өз қызметін консультативті-кеңесші орган ретінде бастады. Ал бүгінде жаңа реформалар ұсынатын маңызды құрылымға айналды», – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Ұлттық кеңес ұсынған шаралар мен бастамалар жайында өз ойымен бөлісті. Ең алдымен, тұрғын-үй және экономика саясатын жетілдіру бағытына қатысты пікір білдірді. Бүгінде қазақстандықтар өз зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын-үй жағдайын жақсартуға пайдалана бастады. Айналасы бір айдың ішінде ғана мыңдаған азамат көптен күткен баспанасын алды, ипотеканы өтеді немесе несиеcін азайтты. Дегенмен, тұрғын-үй мәселесі әлі де өзекті болып отыр. «Мен Үкіметтің қантар айындағы кеңейтілген отырысында тұрғын-үй саясатын жетілдіру үшін жаңа ұсыныстар әзірлеуді тапсырдым. Үкімет айтарлықтай тиімді ұсыныстар берді. Жалпы бұл ұсыныстарды қолдаймын. Дегенмен нарықтың өз ережесі бар. Нақты экономикалық факторларға байланысты құрылыс компаниялары қазір арзан үй салуға мүдделі емес. Сол себепті қолжетімді әрі сапалы үй салуды жандандыру үшін құрылыс компанияларымен оффтейк, яғни, алдын ала сатып алу келісімін жасасу керек. Соған сәйкес тұрғын үйлер «Нұрлы жер» бағдарламасындағы бағаммен сатып алынады. Мұндай тәсіл сынақ жобалары аясында алдын ала пысықталды. Енді мұны бүкіл ел бойынша жүзеге асырған жөн. Бұл қадам аз уақыттың ішінде құны қолжетімді жаңа тұрғын үйлер салуға мүмкіндік береді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ауылдық жерлердегі тұрғын-үй мәселесін шешу үшін кәсіпкерлер өз жұмысшыларына арнап үй салса, оған кеткен шығынның 50 пайызына дейін қайтаруды ұсынды. Бұл ұсыныс ауылды дамытуға жан-жақты серпін тигізіп, экономикалық белсенділікті арттырып, қажетті мамандарды, ең алдымен, мұғалімдер мен дәрігерлерді, мал дәрігерлерін тартуға мүмкіндік береді. Үкімет бұл тәсілді осы жылдың екінші жартысынан қалдырмай қолданысқа енгізуі керек. Мемлекет басшысы аймақтардағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жұмысын қайта реформалап, оларды толыққанды институтқа айналдыру қажет деп санайды. Олардың жұмысы ашық әрі қоғамның толық бақылауында болуға тиіс. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін үйлестіру үшін Ұлттық экономика министрлігінің құзыретін күшейту керек. Экономиканы әртараптандыру және оның энергия сыйымдылығын төмендету шараларымен қатар, «жасыл технология» бағытына қадам баса беру керек. «Дәл осындай стратегиялық маңызды салаға қатысты мемлекеттік саясаттың ұстанымдары мен шаралары белгісіз күйінде тұр. Сондықтан баламалы энергетиканы дамыту мәселелері бойынша жаңа заң әзірлеу қажет. Онда жаңартылатын энергия көздерін ғана емес, барлық баламалы қуат көздерін реттеудің тәсілдері мен нормаларын да көрсету керек. Үкіметке тиісті заң жобасын әзірлеп, оны Парламенттің қарауына енгізуді тапсырамын», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласын дамыту қажеттігін атап өтіп, Үкіметке 600 қазақстандық білім беру ресурстарына лимитсіз қол жеткізе отырып, «Білім» уәлі операторларының тарифтік жоспарын мерзімін шектемей ұзартуды, сондай-ақ, мектептердің отандық білім беру ресурстарына тегін қол жеткізуді талап етуді тапсырды. «Тағы бір маңызды міндет – педагогика және медицина кадрларын даярлау. Қазірдің өзінде көптеген өңірлерде осы сала мамандарының ташпылығы ерекше байқалып отыр. Бұл өте күрделі мәселе. Оны жедел шешуіміз керек. Мемлекет осы ахуалды түзету үшін нақты шараларды қолға алды. Мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын көбейтіп, әлеуметтік

мәртебесін арттырып жатырмыз. Бұған дейін біз педагогикалық жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиясын көтеру туралы шешім қабылдадық. Бұл қадам өз жемісін берді. Сондықтан медициналық оқу орындарындағы стипендияны көбейту қажет», – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев инклюзивті қоғамдық орта қалыптастыру мәселесіне жеке-дара тоқталды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жүйелі түрде қолдау дамыған және әлеуметтік жауапты мемлекеттерге тән. Қазақстан бұл бағыттағы жұмысты үнемі жақсартып отыруға тиіс. Себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны өсуде. Сонымен қатар мұндай іске мамандандырылған ұйымдардың алансыз жұмыс істеуі үшін қолданыстағы нормалар ескірген. «Өңірлердің ерекшеліктерін және қазіргі заманғы стандарттарды ескере отырып, аталған саладағы нормативтерді жаңарту қажет. Бүгінде бір психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия 60 мың баланы қамтиды. Олардың жұмысының тиімділігін арттыру үшін бұл нормативті 50 мың балаға дейін төмендету керек. Балаларды саби кезінен бастап скринингтен өткізу ісін жақсарту, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдары жанындағы әлеуметтік қызметтердің жұмысын күшейту қажет. Уәкілетті органдар ерекше қажеттіліктері бар бала мен оның отбасы үшін бірінші маршрут түрінде іс-қимылдардың түсінікті алгоритмін жасауы тиіс. Өңірлердегі арнаулы мекемелерді ескере отырып, онда бала дүниеге келгеннен бастап мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің барлық түрі ұсынылуы керек. Білім және ғылым министрлігі ерекше балалардың білім алу құқықтарын іске асыру мәселесіне айрықша назар аударғаны жөн», – деді Мемлекет басшысы.

Президент мүгедектікті анықтау рәсімдерін жеңілдетуді тапсырды. Ол үшін Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйелерін біріктіру керек. Осылайша азаматтар өздеріне қажетті қызметтің барлығын бір ғана медициналық мекемеден алуға тиіс.

2-бетте →

АУЫС-ТҮЙІС



Мұрат Нұртілеу
Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшысының орынбасары болып тағайындалды



Жасыбаев Ержан
Талдықорған қаласының әкімі болып тағайындалды



Біржанов Ержан
ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі қызметіне тағайындалды



Мәди Манатбекұлы
Шымкент қалалық әкімшілігі Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы міндетін атқарушы болып тағайындалды

АҚИҚАТТЫҢ АҚ СӨЗІ

ӘДІЛ БІЛІК ТУРАЛЫ

Күлетегін Қаған:
«Қағанын сатқан халықты жаратқан да жаратпайды».

«Халқын жұтатпаған қаған бақытты».

«Күшке күш қосылса – құп, елге ел қосылса – құт».

ГАЗЕТКЕ 2021 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Индекс 64722	Жазылу бағасы	
	қала	аудан/ауыл
9 айға	3 947,85	4 115,43



ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

КӨКЕЙКЕСТІ



ТОҚАЕВ ТОҚЕТЕРІН АЙТТЫ

Оңсыз да проблемасы бастан асып жатқан қазақ елін алаңдатқан мәселенің бірі – жерге қатысты болатын. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 ақпанда өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында осы мәселеге қатысты өзі қабылдаған шешім туралы айтты. «Халқымыз үшін жер мәселесі қашанда аса маңызды. Бұл – мемлекеттігіміздің берік негізі және қасиетті символы. Сондықтан мен мынадай нақты шешімдер қабылдадым: біріншіден, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауылшаруашылық жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржола тыйым салуды тапсырамын. Бұл шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға да қатысты. Мен мұны Президенттің заң шығару бастамасы арқылы жедел түрде жүзеге асыру қажет деп шештім. Президент Әкімшілігі дәл осы мәселеге байланысты тиісті заң жобасын әзірлеуі керек.

Екіншіден, бір айдың ішінде Жер реформасы жөніндегі комиссияны құрып, 25 наурызда жұмысқа кірісуді тапсырамын. Комиссияның құрамына аграрлық сектордың беделді өкілдерін және жер мәселесін жетік білетін сарапшыларды қосу керек.

Үшіншіден, Үкіметке биылғы тамыз айының соңына дейін Жер реформасының негізгі мәселелері бойынша ортақ мәміле арқылы түбегейлі байлам жасауды тапсырамын.

Төртіншіден, комиссия жұмысының әрбір кезеңі және онда ұсынылған шаралар туралы халықты үнемі хабардар етіп отыру керек».

Көптің көкейін тескен осы бір қиын түйінді мәселе туралы Тоқаев тоқетерін айтты. Президенттің өзі айтқандай, ең бастысы, жер шетелдіктерге сатылмайтыны туралы түбегейлі шешім қабылданды. Бір данышпанның: «Бұл Ана жерді ата-бабадан қалған мирас деумен бірге, балаларымыздан қарызға алған жер деп қабылдауымыз керек» дегеніндей, сол мирасты сақтап, келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыра алатындай мүмкіндікке ие болғанымызға шүкіршілік етейік.

«AQIQAT ARNASY»

«БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ» ДІҢ

кері келіп жүрмей ме?...

Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл мәлімдемесі қоғамды дүр сілкіндірді деуге болады. Алғаш болып үн қатқан сарапшылардың бірі экс-дипломат Қазбек Бейсебаев әкімдерді сайлауға осыдан 20 жыл бұрын көшу керек еді дейді. Көбінесе Ресеймен салыстырып сөйлегенді ұнататын сарапшы: «Ресейде губернаторларды сайлау мүмкіндігі бар, ал бізде неге жоқ? Біз олардан кембіз бе? Адам неге өз әкімін сайлай алмайды? Мұны осыдан 20 жыл бұрын қолға алу керек еді. Облыс, аудан әкімін сайлауды ертеңнен бастайық. Оның заңнамалық негізін дайындауға көп болса бір ай кетеді. Неге 2024 жылға қалдырады?» – дейді.



Сөйте тұра, Қазбек Бейсебаев елде өзін-өзі ұсыну институты жойылғандықтан, бұл бастаманың іске асатынына күмәнмен қарайды. Оның ойынша, аудан әкімдерінің сайлауына тек партия мүшелері түсіп, өзін-өзі ұсынушылар қатыса алмай қалуы мүмкін.



ЖСДП партиясы төрағасының орынбасары Айдар Әлібаев Президенттің аудан әкімдерін сайлау бастамасын көтеруінің

Кешегі аптаның бейсенбісі күні өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылдан бастап аудан әкімдері тікелей сайланатынын мәлімдеді. Ал, үстіміздегі жылдың тамыз-желтоқсан айлары арасында өтетін 800-ге жуық елді мекенді қамтитын жергілікті сайлау науқаны елеулі оқиға болмақ.

өзін жақсы нышанға балап отыр. «Әкімдер өзін сайлайтын халыққа тәуелді болмайынша, аймақтарда даму болмайды. Әкімдерді халық сайламайынша, жергілікті жердегі жемқорлық, артта қалушылық, халық мүддесін ескермеу жалғаса бермек», – дейді ол. Және «сайлаудың өтуіне жергілікті әкімдер кедергі келтіруі мүмкін» деген күмәні де жасырмайды.

Сарапшы сайлау деген аты болғанымен, іс жүзінде билік партиясының өкілдері сайланатын Ресейді мысалға келтіреді. «Губернаторлар формальды түрде сайланады. Бірақ биліктің «Единая Россия» партиясы өз адамдарын сүйрелейді. Кейде парламенттегі өзге партиялардың өкілі губернатор болып кетсе, арты дауға ұласып жатады. Бізде де осылай болуы мүмкін», – дейді.



Көзқарасы мен пікірі онша тұрақты емес «Нұр-Отан» партиясынан сайланған депутат, саясаттанушы Айдос Сарым жергілікті билікті сайлауға халықты сөзсіз араластыру керек дегенді алға тартады. «Әкімдерді халықтың сайлауы – сөзсіз керек нәрсе. Қазақстандағы халықтың 41 пайызы ауылды жерде тұрады. Олар бюджеттің 4-5 пай-

ызын ғана жасақтап отыр. Бұл – қорқынышты нәрсе. Екіншіден, ауылда салық дұрыс төленбейді, дұрыс жиналмайды. Аграрлы сектор көлеңкелі экономикада. Ауыл экономикасын көлеңкеден шығарамыз, салыққа араластырамыз десек, халықтың өзі бұған тікелей қатысуы керек. Халықты додаға араластырмай, билік тетігін ұстатпай, мұны түсіндіре алмаймыз», – дейді А.Сарым.

Аудан әкімдерін сайлау неге қазір емес, 2024 жылы бір-ақ өтеді деген сұраққа тоқталған А.Сарым алдымен әкімдерді сайлаудың бағыт-бағдарын айқындап алу керек дегенді айтады.

«Бізде өзін-өзі басқару жүйесі толыққанды бекімеді. Бір елдің облыстары түгел, бір облыстың аудандары біркелкі емес. Оған кіретін ауылдардың жағдайы бірдей емес. Сондықтан бюджет, салық қарым-қатынасы сияқты заңдарға көптеген өзгеріс енгізіліп жатыр. Ең алдымен ауылдарға қосымша функциялар мен салық түрлері беріліп жатыр. Ауданды бөліп әкімін сайлай салуға болады. Бірақ аудан әкімінің бюджеті болмаса, ол кіріптар күйінде облысқа қарап қалады. Ауыл әкімі де солай. Сондықтан қазір жергілікті өзін-өзі басқару концепциясы дайындалып жатыр. Осы мәселелердің бәрі сонда көрініс табады. Бюджеті жоқ билік – билік емес, жай тұлға», – дейді А.Сарым.

Сарапшы әкімдерді халық сайлайтын жағдайда жергілікті жерлердегі олигархияның сайлауға араласып, ықпалы артып кету қаупі бар екенін жасырмайды.

«Бұрынғы заманда жергілікті байлар шешетін. Ол жағдай әлі де бар. Мысалы, аудандағы үлкен агроқешен, аудандағы кәсіпорындар ықпал етіп отыр. Бірақ жақсы жағын да айту керек.

Өз ауылдарының, аймақтарының жағдайын жасап, айналдырып ұстап отырған олигархтар жоқ емес. Мысалы, Бауыржан Оспанов сияқты. Тіпті халық осы адам әкім болсын десе, оны қолдайды. Бұл жерде ақшасын Лондонға алып кететін шіріген байларды емес, халқына қоныз шың аштың адам болса, одан қауіп көріп тұрғаным жоқ. Егер қандай да бір қайшылық шықса, ол да демократия мектебі. Тіпті жұмысты дөңгелетіп әкететін пысық әкім керек пе, әлде рулас, атамның тумасы еді деп жергілікті адамды апарып қоныз шың аштың адам болуы мүмкін. Халық руласымызды сайлай салайық деп қателесуі де мүмкін. Менінше, ондайдан да өту керек. Халық осы арқылы ғана тәжірибе жинап, есейеді» – дейді А.Сарым.

Біз қауіп еткенімізден айтамыз. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, ширек ғасырға жуық уақыт әңгіме болып келе жатқан бұл сайлау туралы Президенттің пікірі айтылды. Егер Мемлекет Басшысының айтқаны талқыланды, орындалады деген қағидаға сүйенсек, науқанның басталуына көп уақыт қала қойған жоқ. Бүйректен сирақ шығару ойымызда жоқ, бірақ бір сұрақтың маза бермейтіні анық: «Қазаққа сайлаудың қажеті қанша?». Хакім Абай айтқандай:

*Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас ізеймін шыбындап.*

дегеннің кері келіп жүрмей ме? Абай атамның заманы басқа болғанымен, баяғы қазақ, сол қазақпыз ғой...

P.S. Сайлау демократияның бір белгісі, біз сол демократияға қол жеткізуіміз керек дейтіндер табылар. Бірақ демократия дегеннің өзі шартты ұғым ғой. Демократияның бесігі саналатын АҚШ-тың өзінде кешегі президент сайлауы сыр беріп қойған жоқ па?..

Шарафаддин ӘМІРОВ,
«AQIQAT ARNASY»